

"Денсаулық сақтау ұйымдарына шығындарды бюджет қаражатының есебінен өтеу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 28 шілдедегі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының № 627 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 874 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 21 желтоқсанда № 16113 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-190/2020 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 13.11.2020 № ҚР ДСМ-190/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 81) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Денсаулық сақтау ұйымдарына шығындарды бюджет қаражатының есебінен өтеу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 28 шілдедегі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының № 627 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11976 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарына шығындарды бюджет қаражатының есебінен өтеу қағидаларына:

1-тарауда:

2-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыру субъектісі (бұдан әрі - АС) - мемлекеттік органдар, денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын немесе құқықтық қатынастарға түсетін жеке және заңды тұлғалар;"

2-тармақтың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"16) Жұмыс органы – Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражатының есебінен шетелге емделуге жіберу мәселелері жөніндегі үйлестіруші орган;"

2-тармақтың 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"19) кешенді тариф – Денсаулық сақтау кодексінің 23-бабының 2-тармағына сәйкес лимфоидты және қан өндіретін тіннің қатерлі ісіктері бар науқастардан басқа, Онкологиялық науқастардың электронды тіркелімінде (бұдан әрі – СНЭТ) тіркелген бір онкологиялық науқасқа есептегендегі ТМККК медициналық қызметтер кешенінің құны;"

2-тармақтың 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"қосалқы мердігер – қосалқы мердігерлік шарт жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;"

2-тармақтың 24) тармақшасы алып тасталсын;

2-тарауда:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шығындарды өтеу Денсаулық туралы кодекстің 23-бабының 2-тармағының негізінде әкімші бекіткен тарифтер бойынша орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актілерінің негізінде жүзеге асырылады.";

6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. ТМККК көрсететін ұйымдарға Тарифтерді қалыптастыру әдістемесімен сәйкес тарифтерге енгізілген ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметіне байланысты шығындар өтеледі.

Мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы ТМККК көрсететін ұйымдар коммуналдық қызметтерге, ғимаратты, құрылыстар мен жабдықтарды ағымдағы жөндеуге ақы төлеуге арналған шығыстардың ұлғаюына байланысты ТМККК көрсетуге арналған шарт сомасы асқан жағдайда, осы шығыстарды өтеу жергілікті өкілді органның шешімі бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті бюджеті қаражатынан жүзеге асырылады.

7. Медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылау нәтижелері Қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияға:

"Медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – МҚСБЖ), оның ішінде "Медициналық қызмет көрсету ақаулары" модуліне енгізілген Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодексімен (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодекс) (бұдан әрі – сапа мен көлемді бақылау) белгіленген тәртіппен көрсетілетін медициналық қызметтердің денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында МФҚБК мен МФҚБК АД-ның мамандары денсаулық субъектісіне (объектісіне) бармай

іріктеу, жоспардан тыс тексерулер және бақылаудың басқа нысандары түрінде медициналық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау шеңберінде жүргізілетін сапа мен көлемді бақылау;

ТМККК көрсетуге жасасқан шарт шеңберінде медициналық көмек көлемінің нақтылығын тексеру үшін тапсырыс беруші жүргізген Денсаулық туралы кодекстің 7-бабына сәйкес ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетудің денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында көлемді сараптау (бұдан әрі – көлемді бақылау) қорытындылары бойынша ұсынылады.

8. МФҚБК АД таңдау және жоспардан тыс тексерулердің нәтижелері бойынша:

Кәсіпкерлік кодекстің 152-бабының негізінде айқындалған тәртіппен ресімделген тексеру нәтижелері туралы актіні;

сұрау салу бойынша медициналық құжаттаманы сараптаудың негізінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір өлім жағдайына (өліммен аяқталған жағдайға) сараптамалық қорытындыны қалыптастырады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Тапсырыс беруші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша жылына екі рет, шілде мен қарашада алдын алуға болмайтын өлім жағдайларын қоспағанда және келесі жылдың келесі есепті кезеңінде ретроспективалық сараптауға жататын желтоқсанда көрсетілген қызметтердің сомасын қоспағанда, сапа мен көлемді бақылау нәтижелері бойынша ұсталған сомаға қосымша келісім жасау арқылы ТМККК көрсететін ұйыммен ТМККК көрсетуге жасалған шарттың сомасын азайтуды жүзеге асырады.

Тапсырыс беруші сапа мен көлемді бақылау нәтижелерін есепке ала отырып, желтоқсанда көрсетілген қызметтерге ТМККК көрсетуге жасалған шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қабылдайды.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. МСАК субъектілеріне кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша АЕК көрсеткені үшін шығындарын өтеу медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылау нәтижелерін есепке ала отырып, мыналардың:

республикалық бюджет қаражатының;

жергілікті өкілді органның шешімі бойынша, оларды қосымша бөлген жағдайда жергілікті бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.";

16 және 17 -тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. МСАК субъектісіне арналған АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативі Тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне сәйкес есепті айдың соңғы күніне БХТ порталында тіркелген, бекітілген бір адамға есептегенде айқындалады.

17. АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативі Денсаулық туралы кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес АЕК базалық кешенді жан басына шаққандағы нормативінен төмен емес белгіленеді.";

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Есеп кезеңіне АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативі бойынша МСАК субъектілерін МСАК субъектілеріне АЕК көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативін БХТ порталында айдың соңғы күніне тіркелген, бекітілген халық санына көбейту арқылы айқындалады.

Есепті кезеңдегі АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативі бойынша МСАК субъектісіне АЕК көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы көрсетілген қызметтердің көлеміне тәуелді емес.

21. МСАК субъектілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қаулымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне сәйкес ТМККК шеңберінде қызметтер тізбесі бойынша бекітілген халыққа ТМККК АЕК-пен қамтамасыз етеді, олардың шығындары Денсаулық туралы кодекстің 7-бабының 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес ТМККК көрсетуге арналған шарт сомаларының шегінде кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша қалалық пен аудандық маңызы бар денсаулық сақтау субъектілері мен ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсетілген АЕК-ке ақы төлеу кезінде ескеріледі.";

23, 24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"23. МСАК субъектісі есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей (желтоқсан үшін – 20 желтоқсан) Тапсырыс берушіге "Амбулаториялық-емханалық көмек" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "АЕК" АЖ) қалыптастырылған, басшы қол қойған қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысанда осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін субъектінің бекітілген халқына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаториялық-емханалық көмек көрсету үшін шот-тізілімін (бұдан әрі – МСАК субъектісінің шот-тізілімі) береді.

Шартта көрсетілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге және (немесе) жағдайлар АЖ жаңаруымен байланысты дүлей күш жағдайы туындаған жағдайда тапсырыс беруші МСАК субъектісінің шот-тізілімін белгіленген мерзімнен кешірек қабылдайды.

24. Тапсырыс беруші "АЕК" АЖ-да осы Қағидалардың 3-2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісімен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген

көлемін көрсетуге арналған шартты орындау хаттамасын (бұдан әрі – МСАК көрсетуге шарттың орындалу хаттамасы):

МСАК субъектісі қол қойған МСАК субъектісінің шот-тізілімінің;
көрсетілген амбулаториялық-емханалық көмектің (медициналық-санитариялық алғашқы және консультациялық-диагностикалық көмектің) заңнамада және ТМККК көрсету шартында көзделген негіздеме бойынша, сапасы мен көлемін бақылаудың нәтижелері бойынша алынуы тиіс және ақы төлеуге, оның ішінде ішінара ақы төлеуге жатпайтын жағдайлардың тізбесі бойынша МФҚБК АД мен тапсырыс беруші осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жүргізген таңдамалы сапа мен көлемді бақылау нәтижелерінің (болған жағдайда);

КЖНҚК-да автоматтандырылған режимде есептелген МСАК субъектісінің түпкілікті нәтиженің индикаторларына қол жеткізу нәтижелерінің негізінде қалыптастырады.

МСАК көрсетуге арналған шартты орындау хаттамасын Ақы төлеу жөніндегі комиссия қарайды және қолын қояды.

25. Тапсырыс беруші ТМККК көрсетуге арналған шартты орындау хаттамасының негізінде "АЕК" АЖ-да екі данада, бір данасы МСАК субъектісіне берілетін, қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысанда екі тарап қол қоятын осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген, орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісін (МСАК орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісі) қалыптастырады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Төлем құжаттарын қалыптастыру автоматтандырылған режимде ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – АЖ) бойынша жауапты адамдардың мынадай функцияларды орындауы кезінде жүзеге асырылады:

"Емхана" бағдарламасы кешенінің "Медициналық ұйымдардың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі" ("Емхана" ААЖ) бағдарламалық кешенінде:

1) МСАК субъектісі:

күн сайын "Тіркеу бөлімі" модулінде дәрігерлердің қабылдау графигі мен кестесі, дәрігерге қабылдауға жазылулар, активтер мен үйге шақырулар, келіп түскен жолдамаларды бөлу бойынша мәліметтерді енгізеді;

күн сайын МСАК пен ҚДК мамандары "Емхана" ААЖ-да халыққа көрсеткен амбулаториялық-емханалық қызметтерін дербестелген тіркеуді бастапқы

медициналық құжаттаманың мынадай нысандары негізінде жүзеге асырады: № 025/е нысаны, № 025-5/е нысаны және 025-9/е нысаны, 025-8е нысаны, 025-07е нысаны;

күн сайын консультациялық-диагностикалық қызметтерге (бұдан әрі – КДҚ) арналған сыртқы жолдамаларды № 907 бұйрықпен бекітілген 001-4/е нысаны бойынша енгізеді;

"АЕК" АЖ-да:

1) тапсырыс беруші "Төлем жүйесі" модулінде:

"Шарттың негізгі талаптары" деген қосымша беттегі деректерді енгізеді, оларды растайды және МСАК көрсетуге шарт көшірмелерін және МСАК көрсетуге шартқа қосымша келісімдерді бар болған жағдайда қоса береді;

есепті кезеңге мынадай төлем құжаттарын:

МСАК шарт хаттамасының орындалуын;

МСАК орындалған қызмет актісін қалыптастырады;

2) лизинг беруші МСАК субъектілерімен жасалған қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалануға арналған шарттар бойынша деректерді енгізеді және растайды;

3) қосалқы мердігерлердің жасасқан шарттарына сәйкес АС қосалқы мердігерлер бойынша және олар көрсететін КДҚ бойынша деректерді енгізеді және растайды;

4) МСАК субъектісі:

"Төлем жүйесі" модулінде:

жасалған қосалқы мердігерлік шарттар және бар болған кезде, қосалқы мердігерлік шартқа қосымша келісімдер бойынша деректерді ол жасалған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді және растайды;

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалану парағына қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техникада көрсетілген КДҚ-ның саны бойынша деректерді енгізеді;

МСАК субъектісінің есепті кезеңдегі шот-тізілімді қалыптастырады;

осы Қағидалардың 2-бөлімінің 7-параграфына сәйкес есепті кезеңге қосалқы мердігер бойынша мынадай төлем құжаттарын қалыптастырады:

есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 30-күніне дейін (желтоқсан үшін – 25 желтоқсанға дейін) бастапқы медициналық құжаттаманың негізінде есепті кезеңдегі деректерді енгізеді және есепті кезең растайды және енгізудің нәтижесі бойынша мынадай есептерді:

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау

субъектілері амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуі кезіндегі кірістердің құрылымы туралы ақпаратты;

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуі кезіндегі шығыстардың құрылымы туралы ақпаратты;

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеу туралы ақпаратты;

осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау бойынша ақпаратты;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсетуге жоспарлы аванс сомасын бөлу туралы ақпаратты қалыптастырады.";

29, 30, 31, 32 және 33-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"29. КЖНЫК мөлшерін әкімші Денсаулық туралы кодекстің 23-бабының 2-тармағының негізінде айқындайды және Қазақстан Республикасының аумағында бірыңғай болып табылады.

30. МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектілері қызметінің түпкілікті нәтижесінің индикаторларына (бұдан әрі – түпкілікті нәтиже индикаторлары) қол жеткізгені үшін МСАК қызметкерлерін ынталандыруға бөлінген КЖНЫК қаражатын пайдаланудың тиімділігін мынадай қатысушылар олардың осы Қағидалардың 31 және 32-тармақтарымен айқындалған функцияларды орындауы кезінде (бұдан әрі – қатысушылар) қамтамасыз етіледі:

- 1) МСАК субъектілері;
- 2) ауыл субъектілері;
- 3) МҚАК АД атынан тапсырыс беруші;
- 4) ДСБ;
- 5) МФҚБК және МФҚБК АД;
- 6) МҚАК;
- 7) АС;
- 8) ТМККК-ні мониторингілеу және талдау субъектісі.

31. Түпкілікті нәтиженің индикаторларына қол жеткізгені үшін МСАК қызметкерлерін ынталандыруға бөлінген ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу кезіндегі қатысушылардың функциялары:

- 1) МҚАК:
КЖНЫК жүйесін іске асыруды қамтамасыз ету;
қатысушылар қызметтерін үйлестіру үдерісі;

КЖНЫК жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу мен енгізуге қатысу;

КЖНЫК мәселелері бойынша азаматтардың, МСАК субъектілері мен ауыл субъектілерінің өтініштерін қарау;

2) МҚАК және МҚАК АД:

МСАК субъектілері мен ауыл субъектілерінің КЖНЫК қаражатын нысаналы пайдалануын мониторингтеу;

Тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне сәйкес КЖНҚК-та индикаторлардың мәндері мен КЖНЫК сомаларының есеп айырысуларын қалыптастыруды бағалау;

МСАК субъектілері мен ауыл субъектілерінің өз қызметкерлеріне КЖНЫК сомаларын уақтылы төлеуін мониторингілеу;

№ 429 бұйрыққа сәйкес КЖНҚК деректерінің негізінде есепті кезеңдегі қол жеткізілген түпкілікті нәтиже индикаторларының қорытындысы бойынша МСАК қызметкерлеріне КЖНЫК сомаларын бөлуді, оның ішінде МСАК субъектісі мен ауылдың субъектісіне шығу арқылы мониторингілеу мен бағалау;

КЖНЫК мәселелері бойынша азаматтардың, МСАК субъектілері мен ауыл субъектілерінің өтініштерін қарау;

3) МФҚБК мен МФҚБК АД:

№ 429 бұйрыққа сәйкес КЖНҚК деректерінің негізінде түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндеріне әсер ететін МСАК субъектісі мен ауыл субъектілерінің қызметі үдерісінің индикаторларын мониторингілеу;

4) ДСБ:

өңір деңгейінде КЖНЫК жүйесін іске асыруды қамтамасыз ету;

өңір деңгейінде үдеріске қатысушылардың қызметін үйлестіру;

МСАК субъектілері мен ауыл субъектілерінің КЖНЫК қаражатының нысаналы пайдалануын бақылау;

МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері қызметінің түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндеріне әсер ететін жағдайлардың және МФҚБК ұсынған жағдайлардың КЖНҚК-та толығымен бөлінуін мониторингілеу мен бақылау;

әрбір учаскенің бөлінісінде МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері қызметі үдерісінің индикаторлары бойынша деректердің КЖНҚК-та орналастырылуын мониторингілеу мен бақылау;

КЖНЫК жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу мен енгізуге қатысу;

КЖНЫК мәселелері бойынша азаматтардың, МСАК субъектілері мен ауыл субъектілерінің өтініштерін қарау;

5) МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері:

МСАК көрсетудің сапасын арттыру;

МСАК көрсетудің сапасын үздіксіз арттыру жүйесін жетілдіру бойынша басқармашылық шешімдерді қабылдау;

түпкілікті нәтиже индикаторларына әсер ететін МСАК субъектісінің қызметі үдерісінің индикаторларын бекіту;

№ 429 бұйрыққа сәйкес МСАК қызметкерлеріне КЖНЫК сомаларын уақтылы төлеуді қамтамасыз ету.

32. МСАК субъектілері мен ауыл субъектілеріне КЖНЫК төлеуге арналған төлем құжаттарының ақпараттық жүйелерде сапалы және уақтылы қалыптастырылуын қамтамасыз ету бойынша қатысушылардың функциялары:

"МҚСБЖ" АЖ-да:

МФҚБК АД:

есепті кезеңнен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей МСАК субъектілерінің бөлінісінде негізділігін көрсетумен МСАК қызметіне бекітілген халықтың арасындағы жеке тұлғалардың өтініштері (шағымдары) бойынша деректерді енгізеді;

есепті кезеңнен кейінгі төрт жұмыс күнінен кешіктірмей қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияға ұсыну үшін осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне жеке тұлғалардың негізделген өтініштері (шағымдары) жағдайлары бойынша деректерді енгізу нәтижелері бойынша есепті кезеңдегі есепті қалыптастырады;

"КЖНҚК" АЖ-да:

1) МҚАК:

"Бюджеттік бағдарламаларды және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлеу мен бекіту (қайта бекіту) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10176 болып тіркелген) (бұдан әрі – бюджеттік бағдарлама) айқындалған тәртіппен ағымдағы қаржы жылына бюджеттік бағдарламалардың келісілген деректерінің негізінде әрбір өңір бойынша ағымдағы қаржы жылына бекітілген КЖНЫК-тың жоспарлы жылдық сомалары мен халықтың саны бойынша деректерді енгізеді және растайды;

төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес өңірлермен тапсырыс берушінің КЖНЫК-тың жылдық сомасының ай сайынғы бөлінуін растайды;

бюджеттік бағдарламаның негізінде ДСБ-ның түпкілікті нәтиженің әрбір индикаторы бойынша нысаналы мәнін белгілеуін енгізеді және растайды;

ай сайын есепті кезеңнің бас кезінде 1 бекітілген тұрғынға есептегенде КЖНЫК сомасын 150 теңгеден жоғары бөлу критерийін тапсырады:

халық бойынша;

халық және балдар бойынша;

халық, балдар және нақты МСАК субъектісінің ТМККК шеңберінде МСАК қызметтерін көрсетудің кешені бойынша;

2) ДСБ:

есепті кезеңнің жабылуына дейін МСАК субъектілерімен келісу бойынша ДСБ жанында құрылған комиссияның хаттамалық шешімінің негізінде түпкілікті нәтиже индикаторларының мәніне әсер ететін даулы жағдайларды (ана және бала өлімі жағдайларын, шағымдарды қоспағанда) нақты МСАК субъектілеріне жатқызу бойынша түзетулерді енгізеді;

есепті кезеңнің жабылуына дейін МСАК субъектілерінің бөлінісінде өңір бойынша есепті кезең ішінде түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен ЖБНЫК сомаларының алдын ала автоматтандырылған есеп айырысуларын өткізеді;

қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияның қарауы мен бекітуіне енгізу үшін МСАК субъектілерінің бөлінісінде қызметтің қол жеткізілген түпкілікті нәтижелерін бағалау қорытындыларын қалыптастырады;

3) МФҚБК мен МФБҚК АД:

есепті кезеңнен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей жазатайым оқиғаларды қоспағанда, есепті кезеңдегі барлық ана мен бала (7 күннен 5 жасқа дейінгі) өлімі жағдайлары бойынша:

медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылаудың нәтижелері бойынша МСАК деңгейінде жағдайлардың алдын алушылығы мен ЖБНЫК сомасын есептеуге олардың қатысуы туралы мәліметтерді;

медициналық қызметтер көрсету саласындағы аяқталмаған мемлекеттік бақылауға байланысты есепті кезеңде ЖБНЫК сомасын есептеуге қатыспайтын жағдайлар туралы мәліметтерді тіркейді;

есепті кезеңнен кейінгі төрт жұмыс күнінен кешіктірмей қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияға ұсыну үшін есепті кезеңдегі деректерді енгізу нәтижелері бойынша мынадай:

осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейіндегі ана өлімі жағдайлары бойынша;

осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық маңызы бар облыс/қала бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейіндегі бала (7 күннен 5 жасқа дейінгі) өлімі жағдайлары бойынша есептерді қалыптастырады;

4) АС:

күн сайын әрбір МСАК субъектісі бойынша және оның аумақтық учаскелерінің бөлінісінде түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндеріне әсер ететін медициналық көмек көрсету жағдайлары бойынша БХТ порталының,

МҚСБЖ, ОНЭТ дерекқорларынан автоматтандырылған режимде деректердің дұрыс жүктемесін қамтамасыз етеді;

ай сайын есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 3-күнінен кешіктірмей өзара іс-қимыл сервисін іске асырған жағдайда автоматтандырылған режимде немесе осы сервис жоқ кезде қол режимінде "Туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі" дерекқорынан деректердің нақты жүктемесін қамтамасыз етеді;

есепті айдан кейінгі келесі айдың 5-күнінен кешіктірмей қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияға ұсыну үшін осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нәтиже индикаторларының мәндері мен КЖНЫК сомаларының есеп айырысуы үшін ақпараттық жүйелерден деректерді жүктеудің нақтылығы мен дұрыстығы жөніндегі есепті қалыптастырады;

5) МСАК субъектісі:

тапсырыс беруші есепті кезеңді жапқан күнінен кейінгі келесі бір жұмыс күнінен кешіктірмей есепті кезеңдегі есеп айырысулардың нәтижелері бойынша алынған КЖНЫК-тың жалпы сомасынан 5%-дан кем емес мөлшерде МСАК қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға жіберу үшін жоспарланып отырған шығыстардың сомалары туралы деректерді енгізеді;

тапсырыс беруші есепті кезең жабылған күннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей есепті кезеңнің жабылуын растайды, бұдан кейін енгізілген деректерді кез келген өзгерту мүмкін емес және аумақтық учаскелердің бөлінісінде МСАК қызметкерлеріне түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен КЖНЫК сомаларын автоматтандырылған есептеуді жүзеге асырады;

түпкілікті нәтиже индикаторларының мәніне әсер ететін нақты жағдай бойынша бекіту учаскесі туралы ақпарат болмаған жағдайда БХТ порталына деректерді енгізеді;

есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 25-күніне дейін № 429 бұйрыққа сәйкес МСАК қызметкерлерін ынталандыру бойынша КЖНЫК сомаларын бөлу нәтижесі бойынша есепті айдағы жиынтық деректерді енгізеді және осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлеріне кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компонентінің сомаларын бөлу бойынша есепті қалыптастырады;

б) Тапсырыс беруші:

төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес өңір деңгейінде КЖНЫК-тың жылдық сомасын ай сайын бөлу бойынша деректерді енгізеді және растайды;

есепті кезеңнің жабылуына дейін МСАК субъектілерінің бөлінісінде өңір бойынша есепті кезең ішінде түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен

КЖНЫК сомаларының алдын ала автоматтандырылған есеп айырысуларын өткізеді;

есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей есепті кезеңнің жабылуын растайды, бұдан кейін енгізілген деректерді кез келген өзгертуге тыйым салынады. Егер КЖНҚК порталында бекіту ұйымдары мен бекіту учаскелері бойынша бөлінбеген жағдайлар болса, онда кезеңді жабу мүмкін емес;

түпкілікті нәтиже индикаторының мәндері мен КЖНЫК сомаларын есептеуге әсер ететін сәйкессіздіктер немесе қатысушылардың қате іс-қимылын анықтаған жағдайда МСАК субъектілерінің есепті кезеңді жабуына дейін есепті кезеңнің жабылуын растауды алып тастайды;

есепті кезеңде 1 бекітілген тұрғынға есептегенде КЖНЫК сомасын МСАК субъектісі бойынша 150 теңгеден асып түсу фактісі анықталған кезде, бөлудің алгоритмін таңдайды: ағымдағы есепті айда ақы төлеуге қабылдау, келесі есепті айға ауыстыру, бюджетке қайтару. Бұл ретте осы алгоритм бір тоқсан ішінде қолданылады;

"АЕК" АЖ-да түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен ақы төлеуге арналған КЖНЫК сомаларын автоматтандырылған есептеу деректерінің жүктемесін жүзеге асырады;

қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссия шешімінің негізінде есепті кезеңдегі қол жеткізілген түпкілікті нәтиженің индикаторларын бағалау қорытындылары бойынша МСАК субъектілері мен ауыл субъектілеріне КЖНЫК сомаларын аударады.

33. ТМККК шеңберінде денсаулық сақтау субъектілеріне ҚДҚ көрсеткені үшін шығындарды өтеу тарификаторға сәйкес медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылаудың нәтижелерін есепке ала отырып:

ҚДҚ көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне жергілікті бюджет қаражаты (бұдан әрі – ҚДҚ-ның жергілікті субъектілері) және НАТ түрінде республикалық маңызы бар қаражаты;

ҚДҚ көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне республикалық бюджет қаражаттарының есебінен жүзеге асырылады (бұдан әрі – республикалық бюджеттен қаржыландыратын ҚДҚ ұйымдары).";

2-параграфтың 1-кіші бөлімінің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-кіші бөлім. НАТ және жергілікті бюджет қаражаты түрінде республикалық бюджет қаражатының есебінен ТМККК шеңберінде ҚДҚ көрсеткені үшін шығындарды өтеу";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. ҚДҚ-ның жергілікті субъектісі есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың бір жұмыс күнінен кешіктірмей, басшы қол қойған қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысандағы, осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан

бойынша нысаналы ағымдағы трансферт және жергілікті бюджет қаражаты түрінде республикалық бюджет қаражатының есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген КДҚ үшін шот-тізілімді (бұдан әрі – шот-тізілім) қалыптастырады және тапсырыс берушіге ұсынады.";

39 және 40-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Тапсырыс беруші осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссия қарайтын және қол қоятын нысаналы ағымдағы трансферт пен жергілікті бюджет қаражаты түрінде республикалық бюджет қаражатының есебінен ТМККК көрсетуге арналған шартты орындау хаттамасын (бұдан әрі – шартты орындау хаттамасы):

КДҚ-ның жергілікті субъектісі қол қойған шот-тізілімнің;

көрсетілген КДҚ сапасы мен көлемін бақылаудың нәтижелері бойынша алынуы тиіс және ақы төлеуге, оның ішінде ішінара ақы төлеуге жатпайтын жағдайлар тізбесі бойынша МФҚБК АД мен тапсырыс беруші жүргізген КДҚ-ның жергілікті субъектісі көрсеткен КДҚ үшін сапа мен көлемді бақылау нәтижелерінің (болған жағдайда) негізінде қалыптастырады.

Шартты орындау хаттамасын қызметке ақы төлеу жөніндегі комиссия қарайды және қол қояды.

40. Тапсырыс беруші шартты орындау хаттамасының негізінде нысаналы ағымдағы трансферт және жергілікті бюджет қаражаты түрінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде республикалық бюджет қаражатының есебінен көрсетілген осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада, екі тарап қол қоятын, бір данасы КДҚ-ның жергілікті субъектісіне берілетін орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісін (бұдан әрі – орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісін) құрады.";

2-параграфтың 2-кіші бөлімінің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-кіші бөлім. ТМККК шеңберінде КДҚ көрсеткені үшін шығындарды республикалық бюджет қаражатының есебінен өтеу";

42, 43, 44, 45 және 46 -тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Республикалық бюджеттен қаржыландыратын КДҚ-ның ұйымдары "ААЖ-Емхана" АЖ-да:

025-9/е нысанының негізінде денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандары бойынша деректерді енгізу мен растауды жүзеге асырады.

43. Республикалық бюджеттен қаржыландыратын КДҚ-ның ұйымдары "АЕК" АЖ-да қалыптастырылған есептілік кезеңнен кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей (желтоқсан үшін – 20 желтоқсанда) басшы қол қойған қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысандағы осы Қағидаларға 21-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша басшы немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде консультациялық-диагностикалық қызметтерді республикалық бюджет қаражатының есебінен көрсеткені үшін шот-тізілімді тапсырыс берушіге береді.

ТМККК көрсетудің шартында көрсетілген дүлей күш жағдайы және (немесе) АЖ жаңаруымен байланысты жағдайлар туындаған жағдайда тапсырыс беруші шот-тізілімді белгіленген мерзімнен кешірек қабылдайды.

44. Тапсырыс беруші республикалық бюджет қаражатының есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған шартты орындау хаттамасын (бұдан әрі – шартты орындау хаттамасы) осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес:

республикалық бюджеттен қаржыландыратын КДҚ ұйымы қол қойған шот-тізілімнің;

осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын көрсетілген консультациялық-диагностикалық көмек сапасы мен көлемді бақылау нәтижелері бойынша алынуы тиіс және ақы төлеуге, оның ішінде ішінара ақы төлеуге жатпайтын жағдайлар тізбесі бойынша ТМККК көрсетудің шартында және заңнамада көзделген МФҚБК АД және тапсырыс беруші өткізген КДҚ республикалық бюджеттен қаржыландыратын КДҚ ұйымы үшін сапа мен көлем бақылау нәтижелерінің негізі бойынша қалыптастырады.

Шартты орындау хаттамасын қызметке ақы төлеу жөніндегі комиссия қарайды және қол қояды.

45. Тапсырыс беруші шартты орындау хаттамасының негізінде консультациялық-диагностикалық көмек нысанында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген, екі тарап қол қоятын, екі данада, қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысандағы бір данасы республикалық бюджеттен қаржыландыратын КДҚ ұйымы берілетін ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісін "АЕК" АЖ-да осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады.

46. Тапсырыс беруші шартты орындау хаттамасының негізінде консультациялық-диагностикалық көмек нысанында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген, екі тарап қол қоятын, екі данада, қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысандағы бір данасы республикалық бюджеттен қаржыландыратын КДҚ ұйымы берілетін ақы төлеу

республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісін "АЕК" АЖ-да осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады.";

3-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-параграф. ТМККК шеңберінде жедел медициналық көмек көрсеткені үшін шығындарды НАТ және жергілікті бюджет қаражатының есебінен өтеу";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. ТМККК шеңберінде жедел медициналық көмек көрсеткені үшін шығындарды өтеу НАТ және жергілікті бюджет қаражаты түрінде республикалық бюджет қаражатының есебінен медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылау нәтижелерін есепке ала отырып, жедел медициналық көмектің бір шақыру үшін тарифі бойынша: есебінен жүзеге асырылады:

жедел медициналық көмек қызметтерін көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне НАТ түрінде республикалық бюджет қаражаты;

жергілікті өкілді органның шешімі бойынша оларды қосымша бөлген жағдайда жергілікті бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Жедел медициналық көмек субъектісі есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың бір жұмыс күнінен кешіктірмей, басшы қол қойған қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысандағы нысаналы ағымдағы трансферт және жергілікті бюджет қаражаты түрінде республикалық бюджет қаражатының есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жедел медициналық көмек қызметтерін көрсеткені үшін басшы қол қойған шот-тізілімді осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады және тапсырыс берушіге береді.";

52 және 53-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Тапсырыс беруші нысаналы ағымдағы трансферт және жергілікті бюджет қаражаты түрінде республикалық бюджет қаражатының есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жедел медициналық көмек қызметтерін көрсетуге арналған шартты орындау хаттамасын (бұдан әрі – шартты орындау хаттамасы) осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

жедел медициналық көмек субъектісі қол қойған шот-тізілімнің;

осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген жедел медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылаудың нәтижелері бойынша алынуы тиіс және ақы төлеуге, оның ішінде ішінара ақы төлеуге жатпайтын жағдайлар тізбесі бойынша МФҚБК мен тапсырыс беруші жүргізген жедел медициналық көмек субъектісі көрсеткен қызметтер үшін сапа мен көлемді бақылау нәтижелерінің (болған жағдайда) негізінде қалыптастырады.

Шартты орындау хаттамасын қызметке ақы төлеу жөніндегі комиссия қарайды және қол қояды.

Осы шартты орындау хаттамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссия көрсетілген хаттамаға қосымшаны құрады және оған қол қояды.";

53. Тапсырыс беруші шартты орындау хаттамасының негізінде нысаналы ағымдағы трансферт және жергілікті бюджет қаражатының түрінде республикалық бюджет қаражатының есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген жедел медициналық көмек қызметтерін, орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісін осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысандағы екі тарап қол қоятын, бір данасы жедел көмек субъектісіне берілетін екі данада құрастырады.";

55 және 56-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"55. ТМККК шеңберінде стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсеткені үшін шығындарды өтеу медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылау нәтижелерін ескере отырып:

1) республикалық бюджет қаражатының есебінен:

осы Қағидалардың 2-бөлімінің 4-параграфының 1-кіші бөліміне сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға;

осы Қағидалардың 2-бөлімінің 4-параграфының 2-кіші бөліміне сәйкес емдеу отандық медициналық ұйымдар шарттарында жүзеге асырылған аурулардың тізбесі мен азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесіне сәйкес шетелде емделуге үміткер пациенттерге;

2) осы Қағидалардың 2-бөлімі 4-параграфының 3-кіші бөліміне сәйкес НАТ-ты және жергілікті бюджет түрінде республикалық бюджет.";

56. "Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі" АЖ-да (бұдан әрі - СНЭТ) тіркелген күндізгі стационардың бір емделіп шығу жағдайы үшін ақы төлеуі осы Қағидалардың 99, 100, 101 және 102-тармақтарында көзделген емделіп шығу жағдайларын қоспағанда, стационарлық көмектің бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің 1/4-ін құрайды.";

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Қазақстан Республикасының азаматтарына және оралмандарға республикалық бюджет қаражатының есебінен стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсеткені үшін шығындарды өтеу медициналық көмектің мынадай: мамандандырылған, жоғары технологиялы медициналық қызмет, медициналық-әлеуметтік түрлерінің сапасы мен көлемін бақылау нәтижелерін есепке ала отырып:

1) республикалық маңызы бар медициналық ұйымдардың психикалық, инфекциялық аурулармен, туберкулезбен, алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын және оналту орталықтарындағы, санаторийлердегі науқастарға медициналық қызметтер көрсетуді қоса алғанда, стационарлық көмек пен стационарды алмастыратын көмек;

2) қалпына келтіріп емдеу және медициналық оналту жүзеге асырылады.";

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. РБ медициналық ұйымы СНЭТ деректерінің негізінде ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі келесі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, басшы қол қойған қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысандағы осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде мамандандырылған медициналық көмек бойынша көрсетілген қызметтер үшін медициналық ұйымның шот-тізілімін (бұдан әрі – шот-тізілім);

ағымдағы жылғы қаңтар айы үшін шот-тізілім өткен жылдың 1 желтоқсанынан бастап шот-тізілімге қосылмаған жағдайлар мен лизинг төлемдерін ескере отырып жүзеге асырылады.";

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"66. Сызықтық шкала:

облыстық және қалалық босандыру ұйымдарына;

емделіп шығу жағдайларының 45%-ы және одан да артық үлесімен босандыру қызметтерін көрсететін көпбейінді стационарларға;

емделіп шығу жағдайларының 45%-ы және одан да артық үлесімен бір жасқа дейінгі балаларға медициналық қызметтер көрсететін стационарларға, оның ішінде республикалық ұйымдарға;

емделіп шығу жағдайларының 45%-ы және одан да артық үлесімен бір жасқа дейінгі балаларға медициналық қызметтер және босану қызметін көрсететін стационарларға, оның ішінде республикалық ұйымдарға;

стационарды алмастыратын медициналық көмек нысаны бойынша көрсетілген гемодиализ бен перитонеалдық диализ қызметтеріне;

ақы төлеуі осы Қағидалардың 96-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын онкологиялық аурулары бар балаларға медициналық қызметтерге;

онкологиялық науқастарға және туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсететін республикалық маңызы бар медициналық ұйымдар көрсететін қызметтерге;

осы Қағидаларға 32-1-қосымшаға сәйкес Сызықтық шкала қолданылмайтын балалар мен ересектерде АХЖ-10 бойынша гематологиялық аурулар тізбесі бойынша лимфоидты және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктері бар науқастарға

медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары мен "University Medical Center" корпоративтік қорына ұсынған қызметтеріне;

жоғары технологиялы медициналық қызметтерге;

осы Қағидаларға 32-2-қосымшаға сәйкес Сызықтық шкала қолданылмайтын медициналық қызметтер тізбесіне қолданылмайды.";

75-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"75. Тапсырыс беруші МҚСБЖ-да осы Қағидаларға 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде мамандандырылған медициналық көмек бойынша медициналық қызметтер көрсетуіне арналған шартты орындау хаттамасын (бұдан әрі – шартты орындау хаттамасы):

РБ медициналық ұйымы қол қойған шот-тізілім;

Сызықтық шкаланы қолданудың есептеу нәтижелері;

ТМККК қызметтерінің сапасы мен көлемін бақылау нәтижелері бойынша жағдайлардың жиынтық тізбесінің негізінде қалыптастырады.";

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"77. Тапсырыс беруші шартты орындау хаттамасының негізінде:

осы Қағидаларға 54-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген мамандандырылған медициналық көмек бойынша көрсетілген орындалған жұмыстардың (қызметтерді) актісін (бұдан әрі – орындалған жұмыстардың (қызметтерді) актісі);

Орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісі екі тарап қол қоятын, қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысанда бір данасы РБ медициналық ұйымына берілетін екі данада құрастырылады.";

84 және 85-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"84. Денсаулық туралы кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес нақты келтірілген шығыстар үшін ақы төленуі тиіс емделіп шығу жағдайларының тізбесі бойынша не шығындарды қосымша өтеумен КШТ құны бойынша ақы төленуі тиіс емделіп шығу жағдайларының тізбесі бойынша өтеу тиісінше нақты шығындар бойынша және (немесе) нақты келтірілген шығындарды қосымша өтеумен негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша емделіп шығу жағдайына ақы төлеумен жүзеге асырылады.

Нақты шығындар бойынша ақы төлеу нақты келтірілген шығыстар үшін ақы төленуі тиіс жағдайлардың тізбесін қолданған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл ретте, операциялар үшін ақы төлеу шығыстардың мынадай баптары бойынша нақты шығыстар бойынша жүргізіледі: еңбекақы, әлеуметтік салық, тамақтану,

дәрілік заттар, ММБ, медициналық қызметтер мен коммуналдық және басқа шығыстар. Коммуналдық және басқа шығыстар, бұл ретте, бір науқасқа қайта есептегенде өткен айдағы медициналық ұйымның коммуналдық және басқа шығыстарына арналған нақты шығындар бойынша есептеледі.

Дәрілік заттар мен ММБ қолдану жағдайлары үшін ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша және олардың құнын (шығындарын) Денсаулық туралы кодекстің 76-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін шекті құнынан аспайтын нақты шығындар бойынша қосымша өтеумен жүзеге асырылады.

Медициналық қызметтерді қолдану жағдайлары үшін ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша және олардың құнын (шығындарын) тарификатор бойынша қосымша өтеумен жүзеге асырылады.

85. Ақы төлеу Денсаулық туралы кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес стационарлық көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек үшін, бір төсек-күн үшін, есептік орташа құны бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін және медициналық-экономикалық тарифтер бойынша РБ медициналық ұйымдары жүзеге асырады.";

90-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"90. Тапсырыс беруші тәуліктік стационар жағдайларында осы Қағидалардың талаптарына кірмейтін өмірлік көрсетілімдері, дәрілік заттар және ММБ бойынша жүргізілетін терапияның тиімсіздігі мен оны негізсіз көрсеткен жағдайда емделіп шығу жағдайына арналған қосымша шығындарды өтеуді "өзге төлемдер мен шегерулер" функциясы арқылы соманы міндетті енгізумен МҚАК-пен жазбаша келісілгеннен кейін жүзеге асырады.

Тапсырыс беруші есепті кезеңнен кейін айдың 25-күнінен кешіктірмей мынадай құжаттарды қоса бере отырып, МҚАК-қа сұрау салады:

науқасқа есепті кезеңнен кейін айдың 15-күнінен кешіктірмей осы Қағидалардың шарттарына кірмейтін қосымша қызметтерді көрсетуге мәлімделген шығындарды растайтын құжаттарды қоса берумен РБ медициналық ұйымының жазбаша өтініші;

тапсырыс берушінің және РБ медициналық ұйымының басшысы қол қойған салыстырып тексеру актісі;

науқасқа осы Қағидалардың шарттарына кірмейтін қосымша қызметтерді көрсетудің негізділігі туралы шешімі.";

92 және 93-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"92. Лимфоидты және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктермен науқастарға тәуліктік стационар жағдайларында медициналық қызметтер көрсететін РБ

медициналық ұйымы химиотерапия жүргізілген емделіп шыққан науқастар үшін ақы төлеуді негізгі диагноздың немесе операциялардың КШТ бойынша және нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын өтеумен жүргізеді.

93. Лимфоидты және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктермен аурулардың және қанөндірім депрессиясының жіті нысандарын емдеу кезінде алғашқы емдеуге жатқызу кезінде химиялық препараттардың құнын өтеумен негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша ақы төленеді, келесі емдеуге жатқызуларға химиялық препараттардың құнын өтеумен негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құнынан 30% мөлшерінде ақы төленеді.

Лимфоидты және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктермен аурулардың және қанөндірім депрессиясының жіті нысандарын емдеу кезінде жоғары мөлшердегі химиотерапияны қолданатын медициналық ұйымдарына келесі емдеуге жатқызулар кезінде химиялық препараттардың құнын өтеумен негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құнынан соманың 3/4-і мөлшерінде ақы төленеді.

Сүйек кемігін транспланттау бойынша операция үшін емдеуге жатқызылған лимфоидты және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктермен аурулары бар науқастарды емдеуге алғашқы және келесі емдеуге жатқызу кездерінде химиялық препараттардың құнын өтеумен негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша ақы төленеді.";

мынадай мазмұндағы 95-1-тармақпен толықтырылсын:

"95-1. Крон және ерекшеліксіз жара колиттері ауруларын емдеу кезінде биологиялық терапияны қолданған жағдайда тәуліктік стационарларға алғашқы емдеуге жатқызу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша емделіп шыққан жағдайы үшін құны бойынша төленеді, келесі емдеуге жатқызулар негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша емделіп шыққан жағдайы үшін құнынан 50% мөлшерінде төленеді.";

96-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"96. Стационарлық көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін РБ медициналық ұйымдары Денсаулық сақтау туралы кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес тәуліктік стационар деңгейінде онкологиялық аурулары бар балаларға қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеу медициналық-экономикалық тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, бірінші емдеуге жатқызу сәтінде және емдеу курсының басында жасы он сегіз жасқа толған, онкологиялық аурумен ауыратын балаларға көрсетілген қызметтердің шығындары осы Қағидалардың 2-тарауының 5-параграфына сәйкес өтелуі тиіс.

Медициналық-экономикалық тарифтер блоктар (сызбалар) бойынша емдеу құнын, емдеудің ұзақтығы мен стационарды алмастыратын көмекті қоса алғанда, нақты нозологияны емдеудің толық курсының құнын қамтиды.

Нақты нозологияны емдегені үшін өтеу сомасы емдеудің толық курсының құнынан аспауы тиіс. Бұл ретте, шығындарды өтеу кезең-кезеңмен емдеу курсының блоктары (сызбалары) бойынша жүзеге асырылады.

Егер өткізілген төсек-күндердің саны бір емдеу блогының белгіленген емдеу мерзімінің 50%-ын құраса және одан да кем болса, онда өтеу блоктың (сызбаның) құнынан 30%-ды ұстап қалумен жүргізіледі.

Блоктар (сызбалар) арасындағы емдеу үзілісінде онкологиялық аурулары бар балаларды байқау қажет болған жағдайда ақы төлеу стационарды алмастыратын көмек деңгейінде жүзеге асырылады.

Онкологиялық аурулары бар балалар үшін оңалту көрсету кезінде қызметтер берушінің тапсырыс берушімен келісім бойынша ТМККК көрсету міндеттемелерінің бір бөлігін беру арқылы қосалқы мердігерлерді қатыстырады және Денсаулық кодексінің 23-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша ақы төлеуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7306 болып тіркелген) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесіне кіретін дәрілік заттарды қоспағанда, амбулаториялық емдеу кезеңі бар нозологиялар үшін дәрілік заттар стационарлық емдеу курсының аяқталуы бойынша беріледі, бұл ретте пациентке берілген дәрілік заттар үшін шығындарды өтеу көшіріп алынған түрде СНЭТ-те бекітілген жөнелтпе құжаттың негізінде жүзеге асырылады.";

98-тармақ алып тасталсын;

99, 100 және 101-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"99. Күндізгі стационар жағдайларында онкологиялық және қатерлі ісіктермен ауыратын науқастарға медициналық қызметтер көрсететін РБ медициналық ұйымдарына ақы төлеу:

күндізгі стационардағы бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтер бойынша химиотерапия сеанстары үшін және нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын өтеумен;

күндізгі стационардағы бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтер бойынша сәулелік терапия көрсеткен жағдайда және тарификаторға сәйкес сәулелік терапияның нақты көрсетілген сеанстарының құнын өтеумен;

күндізгі стационардағы бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтер бойынша химиялық-сәулелік терапия сеанстары үшін және тарификаторға сәйкес сәулелік терапияның нақты көрсетілген сеанстарының құнын өтеумен жүргізіледі.

Есепті кезеңдегі бір науқасқа шаққандағы химиотерапия мен сәулелік терапияның барлық сеанстары бір емделіп шығу жағдайы ретінде есептеледі.

100. Күндізгі стационар жағдайларында гемодиализ қызметі үшін ақы төлеу Денсаулық кодексінің 23-бабының 2-тармағына сәйкес тарифтер бойынша "Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "БСЖ" АЖ) тіркелген науқастарға нақты көрсетілген сеанстар үшін жүргізіледі. Есепті кезеңдегі бір науқастың барлық сеанстары бір емделіп шығу жағдайы ретінде есептеледі, бұл ретте бір диагноздың тарифі нөлдік мөлшерлеме бойынша есептеледі.

Гемодиализ қызметтерін көрсететін ұйым гемодиализ қызметтеріне мұқтаж бекітілген науқастың сұрау салуын "БСЖ" АЖ тіркейді, осы ұйымда еркін нысандағы оның жеке өтініші негізінде қызмет көрсетіледі.

101. Денсаулық туралы кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес күндізгі стационар жағдайларында артықшылықты емдеу үшін АХЖ-9 бойынша операциялар мен манипуляциялар тізбесі бойынша ақы төлеу КШТ құнынан 3/4 сома мөлшерінде жүргізіледі.";

107 және 108-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"107. Шетелде емделуге үміткер пациентті бюджет қаражатының есебінен отандық медициналық ұйымдар шарттарында емдегені үшін шығындарды өтеу Шетелге емделуге жіберу жөніндегі комиссия шешімінің негізінде уәкілетті орган немесе Жұмыс органы отандық медициналық ұйыммен шетелде емделуге үміткер пациентке медициналық қызметтер көрсетуге шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасу арқылы жүзеге асырылады.

Шетелде емделуге үміткер пациентке медициналық қызметтер көрсетілетін Жұмыс органының функцияларын орындайтын отандық медициналық ұйым жүзеге асыру жағдайларда шығындарды өтеу көрсетілген отандық ұйыммен медициналық қызметтер көрсетуге уәкілетті орган шарт жасасу арқылы орындалған қызмет еркін нысанда актісі негізінде жүргізіледі.

108. Шетелде емделуге үміткер пациентті емдегені үшін отандық медициналық ұйымның шығындарын өтеуді уәкілетті орган немесе Жұмыс органы медициналық ұйым ұсынған еркін нысанда құрылған орындалған жұмыстар актісінің және шот-фактура көшірмесінің негізінде жүзеге асырады.

Шетелде емделуге үміткер пациентке медициналық қызметтер көрсетілетін Жұмыс органының функцияларын орындайтын отандық медициналық ұйым

жүзеге асыру жағдайларда көрсетілген қызметтер үшін шығындарды өтеу Жұмыс органына бөлінген бюджеттік қаражат есебінен уәкілетті органмен жүргізіледі.

Уәкілетті орган немесе Жұмыс органы Шарттың жалпы сомасынан 30% мөлшерінде авансты Шарттың көшірмесін ұсынған күннен бастап он жұмыс күннің ішінде төлейді.

Шығындарды біржолата өтеу отандық медициналық ұйым осы Қағидаларға 67-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде орындалған жұмыстардың (қызметтерді) актілерін (бұдан әрі – Отандық медициналық ұйымның актісін) ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.";

113 және 114-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"113. Пациентті ұзақ мерзімді емдеу кезінде (бір айдан артық мерзімге) есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейін уәкілетті органға немесе Жұмыс органына отандық медициналық ұйымның актісін ұсынады (желтоқсан айы үшін ағымдағы жылдың 20 желтоқсанына дейін).

114. Уәкілетті орган немесе Жұмыс органы отандық медициналық ұйымға шетелде емделуге үміткер пациентті емдеу бойынша авансты шарттың жалпы сомасынан 30 %-ға дейін мөлшерде төлейді.

Шығындарды біржолата өтеу отандық медициналық ұйым медициналық қызметтерді көрсету бойынша орындалған жұмыстар актілерін ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.";

4-параграфтың 3-кіші бөлімінің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-кіші бөлім. ТМККК шеңберінде стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсеткені үшін шығындарды НАТ және жергілікті бюджет түрінде республикалық бюджет қаражатының есебінен өтеу";

118 және 119-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"118. стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсеткені үшін шығындарды өтеу:

НАТ түріндегі республикалық бюджет қаражатының;

жергілікті өкілді органның шешімі бойынша оларды қосымша бөлген жағдайда жергілікті бюджет қаражатының;

медициналық көмектің мынадай:

1) білікті;

2) мамандандырылған;

3) медициналық-әлеуметтік және мынадай түрлері бойынша:

1) стационарлық көмек;

2) стационарды алмастыратын көмек;

3) қалпына келтіріп емдеу мен медициналық оңалту;

4) паллиативтік көмек пен мейіргерлік күтім нысандары бойынша көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылауды есепке ала отырып жүзеге асырылады.

119. НАТ және жергілікті бюджет қаражаты түрінде республикалық бюджет қаражаты есебінен стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсеткені үшін шығындарды өтеуді тапсырыс беруші ДСБ-мен ТМККК көрсетуге шарт жасасқан денсаулық сақтау субъектілеріне (бұдан әрі – ЖБ медициналық ұйымы) МФҚБК мен МФҚБК АД-ның, ТМККК-ні мониторингілеу және талдау субъектісінің, АС-ның қатысуымен жүзеге асырады.";

124 және 125-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"124. ЖБ медициналық ұйымы есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың бір жұмыс күнінен кешіктірмей, басшы қол қойған қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысанда, медициналық көмек ұсынудың нысандарына сәйкес келетін, осы Қағидаларға 68-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы ағымдағы трансферт және жергілікті бюджет қаражаты түрінде республикалық бюджет қаражаты есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсеткені үшін шот-тізілімдерді қалыптастырады және тапсырыс берушіге береді.

ТМККК көрсетуге арналған шартта көрсетілген дүлей күш жағдайлары туындаған жағдайда тапсырыс беруші шот-тізілімді белгіленген мерзімнен кеш қабылдайды.

125. Тапсырыс беруші осы Қағидаларға 69-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы ағымдағы трансферт және жергілікті бюджет қаражаты түрінде республикалық бюджет қаражаты есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсетуге арналған шартты орындау хаттамаларын (бұдан әрі – шартты орындау хаттамасы) мыналардың негізінде:

ЖБ медициналық ұйым қол қойған шот-тізілімнің;

ЖБ медициналық ұйымы көрсеткен медициналық қызметтер үшін МФҚБК АД және тапсырыс беруші өткізген сапа мен көлем бақылау нәтижелері (іріктеме , жоспардан тыс және тексерулердің өзге нысандары) (болған жағдайда) тексеру нәтижелері туралы акті немесе және бақылау нәтижелерін қоса бере отырып, сараптамалық қорытындыны қалыптастырады.

Шартты орындау хаттамасын Қызметке ақы төлеу жөніндегі комиссия қарайды және қол қояды.

Шартты орындау хаттамасына өзгерістер және толықтырулар енгізілген жағдайда Қызметке ақы төлеу жөніндегі комиссия осы хаттамаға қосымшаны құрастырады және оған қол қояды.";

5-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-параграф. Онкологиялық науқастарға ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсеткені үшін шығындарды онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсететін облыстық, өңірлік, қалалық онкологиялық ұйымдарға және бейінді клиникалардың онкологиялық бөлімшелеріне республикалық бюджет қаражаты есебінен өтейді";

128-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"128. Онкологиялық науқастарға ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсеткені үшін шығындарды өтеу көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылау нәтижелерін есепке ала отырып, онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсететін облыстық, өңірлік, қалалық онкологиялық ұйымдарға және бейінді клиникалардың онкологиялық бөлімшелеріне (бұдан әрі – онкодиспансер) республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады:

қатерлі ісіктері бар науқастарды АХЖ-10 С00-С80, С97, С81-С85 кодтары бойынша диагностикалау мен емдеуге (оның ішінде ісік алды аурулары және қатерсіз ісіктері бар науқастарды) және диспансерлік байқауға бағытталған медициналық қызметтердің кешенің көрсету үшін комплексті тариф бойынша;

Денсаулық туралы кодексінің 7-бабы 1-тармағының 68) тармақшасына және 76-баптың 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган айқындаған онкологиялық науқастарға химиопрепараттар пайдалану үшін таргентті препараттар, олардың шекті бағасын арттырмайтын химиопрепараттар құны бойынша;

онкологиялық науқастарға сәулелік терапия сеанстарын көрсету үшін медициналық қызметтер тарификаторының құны бойынша;

онкологиялық науқастарға стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек нысан бойынша мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін (диагнозын анықтауға жіберілген ісік алды аурулары бар науқастарға) осы онкодиспансерде есепте тұрмаған еркін таңдауға олардың құқықтарын іске асыру шеңберінде (бұдан әрі – өзге қалалық науқас) ТМККК көрсетуге шартта көзделген сома шегінде КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтер бойынша (АХЖ-10 С00-С80, С97, С81-С85).";

130 және 131-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"130. Кешенді тариф онкологиялық науқастарды медициналық көмектің мынадай түрлері бойынша: білікті, мамандандырылған, жоғары мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік және мынадай нысандар бойынша қамтамасыз етуді көздейді:

- 1) консультациялық-диагностикалық;
- 2) стационарды алмастыратын;
- 3) стационарлық көмек;
- 4) паллиативтік көмек.

Онкодиспансерде паллиативтік көмек болмаған жағдайда, оны көрсету кешенді тарифте көзделген қаражат есебінен қосалқы мердігерді қатыстыру арқылы тапсырыс берушімен келісу бойынша жүзеге асырылады.

Кешенді тариф оларды Тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне сәйкес көрсетуге арналған шығыстарды қамтиды.

131. Кешенді тариф:

онкологиялық аурулары бар он сегіз жасқа дейінгі балаларға стационарды алмастыратын және стационарлық медициналық көмек көрсетуге арналған. Бұл ретте балалардың жасы бірінші емдеуге жатқызу кезінде және емдеу курсының басында он сегіз жасқа жетпейді;

АХЖ-10 С81-С96 кодтары бойынша лимфоидты және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктермен науқастарына (С88-С96 кодтары бойынша лимфомамен ауыратын науқастардан басқа) медициналық көмек көрсетуге;

жоғары технологиялы медициналық қызметтер көрсетуге;

сәулелік терапия көрсетуге;

химиопрепаратпен онкологиялық науқастарды қамтамасыз етуге, оның ішінде таргентті препараттармен.";

133-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"133. Онкодиспансердің онкологиялық науқастарды ОНЭТ-те тіркеуге, қайта тіркеуге және есептен алып тастауға жеке жауапкершілік жүктелген жауапты адамы (бұдан әрі – онкодиспансердің жауапты адамы) күн сайын:

090/е нысаны және 025/е нысаны немесе 003/е нысанының;

облыстардың, республикалық маңызы бар азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімшелерінен (бұдан әрі – АХАТБ органдары) қайтыс болуы туралы мәліметтердің;

онкологиялық науқастың басқа онкодиспансерге қайта тіркеу туралы жеке өтінішінің (ерікті нысандағы);

онкодиспансердің диспансерлік бөлімінің онкологиялық науқастың сауығуы туралы қорытындысының;

онкологиялық науқастың басқа онкодиспансерге тіркеу (ауыстыру) туралы жеке өтінішінің еркін нысандағы көшіріп алынған түрде қоса берілетін негізінде онкодиспансердің өтінішінің негізінде пациенттің ОНЭТ-тегі онкологиялық науқастар жөніндегі мәліметтерді жаңартуды жүргізеді.

Өзге қалалық онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсетуге арналған шығындарды өтеуді жүзеге асыру үшін АЖ бойынша онкологиялық диспансердің жауапты тұлғасы "Емдеуге жатқызу бюросы" АЖ-да басқа онкодиспансерге жоспарлы тәртіппен стационарлық емдеуге жіберілген өзге қалалық науқастарды:

ол есепте тұрған онкодиспансер жолдамасы бойынша;

ол есепте тұрған онкодиспансермен келісу бойынша амбулаториялық-емханалық ұйымның аудандық онкологының жолдамасы бойынша жоспарлы тәртіппен көрсетеді;

өзге қалалық өз бетімен жүгінген онкодиспансердің онкологының жолдамасы бойынша тіркейді.

Шұғыл түрде стационарлық көмек өзге қалалық науқастарға жолдамасыз көрсетіледі, бұл ретте ол есепте тұрған онкодиспансер есепті кезең ішінде хабарланады.

Өзге қалалық науқас есепте тұрған онкодиспансер тарапынан қосалқы мердігер жоспарлы тәртіппен онкодиспансер жіберген немесе өзге қалалық науқас өзі келген кезде өзге қалалық науқасқа ісікке қарсы емді алғаш рет өткізуге дейін осы ісікке қарсы емді өткізудің қажеттігін өзге қалалық науқас есепте тұрған онкодиспансермен алдын ала келіседі.";

135-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"135. Онкологиялық науқастың қайтыс болуын тіркеу туралы мәліметтер БХТ-да енгізген қайтыс болуы туралы анықтамасы негізінде ОНЭТ-та автоматты нақтылайды.

Онкологиялық науқастардың ОНЭТ-та қайтыс болудың себептері онкодиспансердің жауапты адамы органы автоматты есептен алынған қайтыс болғандарды қоспағанда, онкологиялық науқастың қайтыс болуын АХАТБ тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей нақтылайды.

ОНЭТ-те мыналай құрылады:

автоматты түрде есептен шығарылған онкологиялық науқастардың тізімі;
есептен шығарылмаған қайтыс болған онкологиялық науқастардың тізімі.";

137-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"137. Онкодиспансердің маманы күн сайын бастапқы медициналық құжаттаманың нысандары бойынша мынадай:

№ 066-2/у и № 003/у нысандары бойынша медициналық карта негізінде стационарлық және стационар алмастыратын медициналық көмек туралы деректер;

025/у нысаны бойынша медициналық карта негізінде консультациялық-диагностикалық медициналық көмек туралы деректер;

барлық емдеу деңгейлерінде таргентті препараттарды қоса алғанда, онкологиялық науқастарға пайдаланған химиопрепараттар туралы деректер негізінде пациенттің стационардан шығуынан кейінгі келесі бір жұмыс күнінен кешіктірмей СНЭТ-ке деректерді, оның ішінде шығару эпикризін енгізу мен растауды жүзеге асырады;

қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалану туралы жиынтық деректерді қаржы лизингі шарттарында сатып

алынған медициналық техниканы пайдалану парағы бойынша бастапқы медициналық құжаттамадан мыналарға:

стационарлық медициналық көмек көрсету кезінде № 907 бұйрықпен бекітілген 066-2/е нысанына;

КДК көрсету кезінде 025/е нысанына қосымша болып табылады.";

140 және 141-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"140. Онкологиялық науқасты қайтыс болу туралы мәліметтерді ОНЭТ-ке уақтылы есептен алмағаны мен уақтылы тіркемегені үшін экономикалық ықпал ету шаралары:

лимфоидты және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктермен науқастарға;

қайтыс болғаннан кейін тіркелген онкологиялық науқастарға қатысты;

2012 жылғы 1 қаңтарға дейін қайтыс болған онкологиялық науқастарға қатысты қолданылмайды.

141. Онкодиспансер есепті кезеңнен кейінгі келесі бір жұмыс күнінен кешіктірмей (желтоқсан үшін – 25 желтоқсанға дейін) тапсырыс берушіге басшы қол қойған қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысанда осы Қағидаларға 72-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ОНЭТ-те қалыптастырылған онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтердің шот-тізілімін (бұдан әрі – шот-тізілім) жібереді.";

145 және 146-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"145. Онкодиспансер есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 30-күніне дейінгі мерзімде ОНЭТ-ке өткен есепті кезең үшін:

осы Қағидаларға 75-қосымшаға сәйкес нысан бойынша онкологиялық науқастарға көрсетілген медициналық көмек үшін кірістердің құрылымы туралы;

осы Қағидаларға 76-қосымшаға сәйкес нысан бойынша онкологиялық науқастарға көрсетілген медициналық көмек үшін шығыстардың құрылымы туралы;

осы Қағидаларға 77-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеу туралы;

осы Қағидаларға 78-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау туралы;

осы Қағидаларға 78-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсетуге жоспарлы аванс сомасын бөлу туралы ақпаратты енгізеді.

Осы тармақпен көзделген ақпарат ОНЭТ-те болмаған жағдайда, тапсырыс беруші онкодиспансерге есепті кезең үшін ақы төлеуді осы деректерді енгізгенге дейін жүзеге асырмайды.

146. Онкодиспансер онкологиялық науқастарға (диагнозын анықтауға жіберілген ісік алды аурулары бар науқастарға) медициналық көмектің

қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету және олардың еркін таңдау құқығын іске асыру мақсатында ТМҚКК көрсетуге арналған негізгі шартпен көзделген соманың шегінде денсаулық сақтау ұйымдарымен, оның ішінде онкодиспансерлермен жасалған қосалқы мердігерлік шарттар бойынша тарификаторға сәйкес тарифтер бойынша көрсетілген ҚДҚ үшін.";

6-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-параграф. Ауыл халқына ТМҚКК қызметтерін көрсеткені үшін аудандық маңызы бар және ауыл ұйымдарына шығындарды өтеу";

151 және 152-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"151. Ауыл субъектісінің ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативі жасалған ТМҚКК шартының шеңберінде:

1) Денсаулық туралы кодекстің 7-бабының 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген компоненті бойынша көзделген қаражаттың шегінде медициналық көмектің мынадай: МСАК, ҚДҚ, стационарды алмастыратын және стационарлық медициналық көмек нысандарында көрсетілетін дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік түрлері бойынша денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес ауыл халқына ТМҚКК қызметтерінің кешенін қамтамасыз етуге;

2) МСАК қызметкерлерін ынталандыруға арналған шығыстарды көздейді.

152. Есептілік кезеңде ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив Тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне сәйкес есепті айдың соңғы күніне БХТ порталында тіркелген бекітілген бір адамға есептегенде айқындалады.";

153-тармақ алынып тасталсын;

154, 155, 156 және 157-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"154. Ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің мөлшері ТМҚКК көрсетуге жасасқан шартқа сәйкес ДСБ бекітетін медициналық көмектің нысандары (МСАК, ҚДҚ, стационарды алмастыратын көмек, стационарлық көмек) бойынша айқындалады.

155. Ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативті есептеу Тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне сәйкес:

МСАК көрсететін ауыл субъектілеріне есепті айдың соңғы күніне БХТ порталында тіркелген бекітілген халықтың саны бойынша;

МСАК көрсетпейтін ауыл субъектілеріне осы аудан бойынша БХТ порталында тіркелген бекітілген халықтың саны бойынша ТМҚКК көрсетуге жасасқан шартқа сәйкес есепті кезең үшін жүзеге асырылады.

156. Есепті кезең үшін ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша ауыл субъектілеріне берілетін қаржыландыру

көлемі осы Қағидалардың 155-тармағына сәйкес ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативті халық санына көбейту арқылы айқындалады.

Есепті кезеңдегі ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша ауыл субъектісін қаржыландыру көлемі көрсетілген қызметтер көлемінен тәуелсіз.

157. Ауыл субъектілеріне ТМККК қызметтері үшін ақы төлеуді "АЕК", КЖНҚК АЖ-ларында автоматтандырылған режимде қалыптастырылған, осы Қағидалармен айқындалған төлем құжаттарының негізінде Тапсырыс беруші жүзеге асырады.";

161-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"161. Ауыл субъектісі есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың оныншы күнінен кешіктірмей (желтоқсан үшін – 20 желтоқсанда) Тапсырыс берушіге аудандық маңызы бар денсаулық сақтау субъектісі және ауыл субъектісінің тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде бекітілген халыққа медициналық көмек көрсеткені үшін "АЕК" АЖ-да қалыптастырылған, осы Қағидаларға 84-1 қосымшаға сәйкес басшы қол қойған қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысанда қол қойылған шот-тізілімін (бұдан әрі - ауыл субъектісінің шот-тізілімі) жібереді.";

164-тармақ алынып тасталсын;

165 және 166-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"165. Тапсырыс беруші "АЕК" АЖ-да қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссия қарайтын және қол қоятын аудандық маңызы бар денсаулық сақтау субъектісі және ауыл субъектісінің тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған шартын орындау хаттамасын осы Қағидаларға (бұдан әрі – ауыл субъектісінің шартын орындау хаттамасы) 85-қосымшаға сәйкес:

ауыл субъектісі қол қойған шот-тізілім;

МФҚБК АД ауыл субъектісі көрсеткен медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне жүргізген бақылау нәтижелерінің (болған жағдайда);

Жиынтық тізбенің;

КЖНҚК-та автоматты түрде есептелген түпкілікті нәтиже индикаторларына ауыл субъектісінің қол жеткізу нәтижелерінің негізінде қалыптастырады.

166. Тапсырыс беруші "АЕК" АЖ-да ауыл субъектісінің шартын орындау хаттамасының негізінде екі данада, екі тарап қол қоятын қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысанда қол қойылатын, бір данасы ауыл субъектісіне берілетін осы Қағидаларға 86-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтаудың аудандық маңызы бар және ауыл субъектісінің тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсеткен орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісін қалыптастырады.";

168 және 169-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"168. Төлем құжаттары мен Жиынтық тізбені қалыптастыруды АЖ бойынша жауапты адамдардың мынадай функцияларды орындауы кезінде АЖ жүзеге асырады:

"АЕК" АЖ-да:

1) тапсырыс беруші:

ауыл субъектілерімен жасалған ТМККК шарттарын енгізеді және растайды;

есепті кезеңге мынадай төлем құжаттарын:

ауыл субъектісінің шартын орындау хаттамасын;

ауыл субъектісінің орындалған қызметтердің актісін қалыптастырады;

2) ауыл субъектілерімен жасалған қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалануға арналған шарттарды енгізеді және растайды;

3) ауыл субъектісі:

жасалған қосалқы мердігерлік шарттарды оны жасаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді және растайды;

ауыл субъектісінің шот-тізілімін қалыптастырады;

есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 30-күніне дейін (желтоқсан үшін – 25 желтоқсанға дейін) бастапқы қаржы құжаттамасы негізінде есепті кезеңдегі деректерді енгізеді және енгізу нәтижесі бойынша есептерді қалыптастырады:

осы Қағидаларға 88-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудандық маңызы бар және ауыл субъектілерінің медициналық көмек көрсетуі кезіндегі кірістердің құрылымы;

осы Қағидаларға 89-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудандық маңызы бар және ауыл субъектісінің медициналық көмек көрсетуі кезіндегі шығыстардың құрылымы;

осы Қағидаларға 90-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудандық маңызы бар және ауыл субъектісінің медициналық көмек көрсетуі кезіндегі кірістердің және шығыстардың құрылымы;

осы Қағидаларға 91-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудандық маңызы бар және ауыл субъектісінің қызметкерлеріне сараланған еңбекақы төлеу бойынша ақпарат;

осы Қағидаларға 92-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудандық маңызы бар және ауыл субъектісі кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау бойынша ақпарат;

осы Қағидаларға 92-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсетуге жоспарлы аванс сомасын бөлу туралы ақпарат;

осы Қағидалардың 7-параграфына сәйкес есепті кезеңге қосалқы мердігер бойынша мынадай төлем құжаттарын қалыптастырады:

қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалану парағына қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техникада көрсетілген КДҚ-ның саны бойынша деректерді енгізеді.

МҚСБЖ-да:

1) ТМККК-ні мониторингілеу және талдау субъектісі ауыл субъектілері бойынша ТМККК-ні мониторингілеу және талдау субъектісінің бағалауынан кейін сапасы бақылануға тиісті емдеуге жатқызу жағдайларының тізбесін қалыптастырады;

2) МФҚБК АД ауыл субъектілері бойынша:

стационарлық науқастардың қайтыс болу жағдайлары бойынша сараптамалық қорытындыны бекітеді;

стационарлық және стационарды алмастыратын көмектің сапасын бақылау нәтижелерін енгізеді;

СНЭТ-те ауыл субъектісі:

күн сайын деректерді, оның ішінде шығару эпикризінің деректерін, пациент стационардан шыққан күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей бастапқы медициналық құжаттаманың мынадай нысандары негізінде енгізеді және растайды: 003/е нысаны, 003-2/е, 096/е нысаны, 097/е нысаны. СНЭТ-ке гистологиялық және патоморфологиялық зерттеулердің нәтижелерін енгізу жағдайларын қоспағанда, деректер расталғаннан кейін түзетуге жатпайды;

медициналық карталардан деректерді енгізу нәтижесі бойынша стационардан емделіп шыққан адамның статистикалық картасы (№ 907 бұйрықпен бекітілген 066/е, 066-1/е, 066-2/е, 066-3/е, 066-4/е) мен (амбулаториялық, стационарлық) науқастың медициналық картасынан үзінді көшірмені (№ 907 бұйрықпен бекітілген 027/е нысаны) қалыптастырады.

Ауыл субъектісі "Емхана" АЖ-да:

күн сайын дәрігерлердің қабылдау графигі мен кестесін, дәрігерге қабылдауға жазбалар, активтер мен үйге шақырулар, келіп түскен жолдамаларды бөлу бойынша мәліметтерді енгізеді;

күн сайын МСАК пен КДҚ мамандары халыққа көрсеткен амбулаториялық-емханалық қызметтерін дербестелген тіркеуді бастапқы медициналық құжаттаманың мынадай нысандары негізінде жүзеге асырады: № 025/е нысаны, № 025-5/е нысаны және 025-9/е нысаны, 025-8е нысаны, 025-07е нысаны;

күн сайын КДҚ-ға арналған ішкі және сыртқы жолдамаларды 001-4/е нысаны бойынша енгізеді;

КЖНҚК -та осы Қағидалардың 2-бөлімнің 1-параграфына сәйкес.

169. ТМККК көрсету жөніндегі қызметтер беруші ТМККК-нің жоқ қызметтері үшін денсаулық сақтау субъектісін еркін таңдау құқығын іске

асыруды есепке ала отырып, халыққа ТМККК шеңберіндегі медициналық көмектің қолжетімділігін, толықтығын және сапасын қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс берушімен келісу бойынша қосалқы мердігерді Денсаулық туралы кодекстің 34-бабының 4-тармағына сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі жөніндегі қызметтер берушіні таңдау және оның шығындарын өтеу қағидаларына (бұдан әрі – Қызметтер берушіні таңдау қағидалары) сәйкес қатыстырады және онымен ТМККК көрсетудің шартының сомасы шегінде қосалқы мердігерлік шартын жасасады.";

172-тармақ алып тасталсын;

173-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"173. ТМККК қызметтерін беруші қосалқы мердігерге мыналар үшін:

1) Тарификаторға сәйкес құн бойынша ТМККК шеңберінде көрсетілген КДҚ үшін;

2) КШТ бойынша бір емделіп шығу тарифтері бойынша ТМККК шеңберінде стационарлық медициналық қызмет нысаны бойынша мыналарға мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ауыл халқына олардың орналасу аймағының шеңберінде ауыл субъектілері арасында;

3) бір емделіп шығу тарифтері бойынша ТМККК шеңберінде стационарды алмастыратын медициналық қызмет нысаны бойынша мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін;

4) мөлшері медициналық көмектің айқындалған нысанының тізбесіне байланысты Тапсырыс берушімен келісу бойынша ауыл халқына жан басына шаққандағы кешенді норматив бойынша ТМККК шеңберінде ауыл халқына медициналық қызметтердің кешенін аталған өңірде басқа ауыл субъектісінің көрсеткені үшін ақы төлеуді жүзеге асырады.";

174-тармақ алып тасталсын;

176-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"176. АЕК көрсету кезінде қосалқы мердігердің Төлем құжаттарын қалыптастыру АЖ-ның негізінде АЖ-ның жауапты адамдары функцияларды орындауы кезінде мыналар жүзеге асырылады:

1) МСАК субъектісінің және (немесе) ауыл субъектісі атынан ТМККК Қызметтерін берушімен қосалқы мердігерлік шарт шеңберінде халыққа КДҚ көрсету кезінде:

"Емхана" АЕК-та:

күн сайын дәрігерлердің қабылдау графигі мен кестесін, дәрігерге қабылдауға жазбалар, активтер мен үйге шақырулар, келіп түскен жолдамаларды бөлу бойынша мәліметтерді енгізеді;

күн сайын КДҚ-ға арналған ішкі және сыртқы жолдамаларды 001-4/е нысаны бойынша енгізеді;

күн сайын МСАК субъектісі мен ауыл субъектісі мамандарының жолдамасы бойынша немесе шұғыл жағдайда жүгінген халыққа бастапқы медициналық құжаттаманың мынадай нысандары негізінде жүзеге асырады № 025/е нысаны, 025-9/е нысаны;

"АЕК" АЖ-да:

осы Қағидаларға 93-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосалқы мердігерлік шарт негізінде есепті кезең үшін ТМККК шеңберінде медициналық қызметтерді көрсеткені үшін шот-тізілімді қалыптастырады (бұдан әрі – қосалқы мердігердің шот-тізілімі);

есепті кезең үшін деректерді енгізу нәтижелері бойынша есепті кезең үшін осы Қағидаларға 94-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алынуы тиіс және ақы төлеуге, оның ішінде ішінара ақы төлеуге жатпайтын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қосалқы мердігерлік шарт бойынша дербестелген тізілімін (бұдан әрі – қосалқы мердігердің дербестелген тізілімі) қалыптастырады;

есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 30-күніне дейін (желтоқсан үшін – 25 желтоқсанға дейін) бастапқы қаржы құжаттамасының негізінде есепті кезең үшін деректерді енгізеді және енгізу нәтижелері бойынша есептерді қалыптастырады:

осы Қағидаларға 95-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосалқы мердігермен медициналық қызметтерді көрсету кезіндегі кірістердің құрылымы туралы ақпарат;

осы Қағидаларға 96-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосалқы мердігермен медициналық қызметтерді көрсету кезіндегі шығыстардың құрылымы туралы ақпарат;

осы Қағидаларға 97-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеу туралы ақпарат;

осы Қағидаларға 98-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау туралы ақпарат;

2) онкологиялық науқастарға қосалқы мердігерлік шарт шеңберінде өңірлік онкологиялық диспансер атынан көмек көрсету кезінде:

"ОНЭТ" АЖ-да:

"Өндірістік блок" модулінде:

күн сайын ТМККК Қызметтер беруші мамандарының жолдамасы бойынша жүгінген халыққа көрсетілген КДҚ-ны дербестелген тіркеуді бастапқы медициналық құжаттаманың мынадай нысандары негізінде немесе шұғыл жағдайларда жүзеге асырады: № 025/е нысаны, 025-9/е нысаны;

"Қаржылық блок" модулінде:

есепті кезең үшін өзге қалалық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін шот-тізілімді осы Қағидаларға 99-қосымшаға сәйкес қалыптастырады;

есепті кезең үшін өзге қалалық науқастарға көрсетілген медициналық қызметтердің тізілімін қалыптастырады;

есепті кезең үшін науқасқа медициналық көмекті көрсету шығыстарын түсіндірумен дербестелген есепті қалыптастырады;

өзге қалалық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету шартын орындаудың хаттамасын осы Қағидаларға 100-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады;

өзге қалалық науқастарға орындалған жұмыстардың (қызметтердің), тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісі) осы Қағидаларға 101-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады.
";

184-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"184. Қаржы лизингі шарттарында лизинг төлемдерін өтеу дауыс беру акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) жүз пайызы мемлекетке және "University Medical Center" корпоративтік қорына жататын мемлекеттік кәсіпорынның, акционерлік қоғамның және шаруашылық серіктестіктердің ұйымдасу-құқықтық нысанында ТМҚҚК көрсететін ұйымдарға лизинг берушімен жасалған шарт бойынша жергілікті бюджет есебінен және республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады."

195 және 196-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"195. ДСБ және МҚАК лизинг төлемдерін лизинг алушыларға төлеуді ТМҚҚК көрсету шартын жасалған келісімнің негізінде Қызметтер берушілерді таңдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

196. Лизинг алушылармен ТМҚҚК көрсету шартына келісімдерді жасауды қамтамасыз ету қаржыландырудың жеке жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 9-параграфпен толықтырылсын:

"9-параграф "Нысаналы ағымдағы трансферт және жергілікті бюджет қаражаты түрінде республикалық бюджет қаражатының есебінен берілген қан компоненттері және көрсетілген қызметтер үшін қан қызметі ұйымдарының шығындарын өтеу

219. Қан қызметі ұйымдарының берілген қан компоненттері және тарификаторға сәйкес тарифтер бойынша ТМҚҚК шеңберінде көрсетілген қызметтері үшін шығындарын өтеу берілген қан компоненттерінің және көрсетілген қызметтерінің сапасы мен көлемін бақылау нәтижелерін есепке ала отырып, мыналардың:

НАТ түрінде республикалық бюджет қаражаттарының;

жергілікті өкілді органның шешімі бойынша оларды қосымша бөлген жағдайда жергілікті бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

220. Қан қызметінің ұйымы есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың бір жұмыс күнінен кешіктірмей (желтоқсан үшін – 20 желтоқсанда) басшы қол қойған қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысанда нысаналы ағымдағы трансферт және жергілікті бюджет қаражатының түрінде республикалық бюджет қаражатының есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтерді көрсету және қан компоненттерін беру бойынша шот-тізілімді (бұдан әрі – қан бойынша шот-тізілім) осы Қағидаларға 112-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады және тапсырыс берушіге береді.

221. Тапсырыс беруші нысаналы ағымдағы трансферт және жергілікті бюджет қаражатының түрінде республикалық бюджет қаражатының есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қан компоненттерін беру және қызметтерді көрсету жөніндегі шартты орындау хаттамасын (бұдан әрі – қан бойынша шартты орындау хаттамасы) осы Қағидаларға 113-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

қан қызметі ұйымының қол қойған қан бойынша шот-тізілімнің;

МФҚБК АД өткізген, ақы төлеуден алынуы тиіс және ақы төлеуге жатпайтын берілген қан компоненттерінің және көрсетілген қызметтерінің сапасы мен көлемін бақылау нәтижелерінің (бар болған жағдайда) негізінде қалыптастырады . Қан бойынша шартты орындау хаттамасы қызметтерге ақы төлеу бойынша комиссиясымен қарастырылады және қол қойылады.

Шартты орындау хаттамасына өзгертулер және толықтырулар енгізілген жағдайда қызметтерге ақы төлеу бойынша комиссия көрсетілген хаттамаға қосымша құрады және қол қояды.

222. Тапсырыс беруші қан бойынша шартты орындау хаттамасының негізінде нысаналы ағымдағы трансферт және жергілікті бюджет қаражатының түрінде республикалық бюджет қаражатының есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтерді көрсету және қан компоненттерін беру бойынша осы Қағидаларға 114-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада, екі тарап қол қоятын, қағаз тасығышта немесе ЭЦҚ арқылы электронды нысанда, бір данасы қан қызметі субъектісіне берілетін орындалған қызметтердің актісін (бұдан әрі – қан бойынша орындалған қызметтердің актісі) құрады.

223. ТМККК көрсетудің шартында көрсетілген форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда тапсырыс беруші қан бойынша шот-тізілімді және қан

бойынша орындалған қызметтердің актісін белгіленген мерзімнен кешірек қабылдайды.

224. Тапсырыс берушінің қол қойылған қан бойынша орындалған қызметтердің актісі бойынша ақы төлеуі есептілік кезеңнен кейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей (желтоқсан – 25 желтоқсанға дейін) шартта көзделген мөлшер мен көлемде бұрын төленген аванстың бір бөлігін ұстап қалуды есепке ала отырып, қан қызметі субъектісінің есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы жүзеге асырады.";

2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес 3-1 және 3-2-қосымшаларымен толықтырылсын;

4-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес 4-1-қосымшасымен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 7, 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес 5, 6, 7, 8, 9 және 10-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

11 және 12-қосымшалар алынып тасталсын;

осы бұйрыққа 13, 14 және 15-қосымшаларға сәйкес 13, 14 және 15-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 16, 17 және 18-қосымшаларға сәйкес 18, 19 және 20-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

23-қосымша алынып тасталсын;

осы бұйрыққа 19 және 20-қосымшаларға сәйкес 26 және 27-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 21 және 22-қосымшаларға сәйкес 29 және 30-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

31-қосымша алынып тасталсын;

осы бұйрыққа 23 және 24-қосымшаларға сәйкес 32-1 және 32-2-қосымшалар толықтырылсын;

осы бұйрыққа 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 39, 40 және 41-қосымшаларға сәйкес 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48 және 49-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 42 және 43-қосымшаларға сәйкес 51 және 52-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

53-қосымша алынып тасталсын;

осы бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес 54-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

55, 61, 62, 65 және 66-қосымшалар алынып тасталсын;

осы бұйрыққа 45, 46 және 47-қосымшаларға сәйкес 68, 69 және 70-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 48, 49 және 50-қосымшаларға сәйкес 72, 73 және 74-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 51-қосымшаға сәйкес 78-1-қосымшамен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 52-қосымшаға сәйкес 84-1-қосымшамен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 53 және 54-қосымшаларға сәйкес 85 және 86-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

87-қосымша алынып тасталсын;

осы бұйрыққа 55-қосымшаға сәйкес 92-1-қосымшасымен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 56, 57 және 58-қосымшаларға сәйкес 112, 113 және 114-қосымшаларымен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде баспа және электрондық түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л.М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін, 1-тармақтың он бірінші, он екінші, екі жүз отыз бесінші, екі жүз отыз алтыншы, екі жүз елуінші және төрт жүз жиырма сегізінші абзацтарын қоспағанда, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

Е. Біртанов

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2017 жылғы 12 желтоқсан

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 13 желтоқсан

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау

министрінің

2017 жылғы 27 қарашадағы

№ 274 бұйрығына

1-қосымша

Денсаулық сақтау ұйымдарына

шығындарды бюджет

қаражатының есебінен өтеу

қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Медициналық қызметтерді сараптамалық бағалау парағы

1. Бағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.
2. Денсаулық сақтау субъектісінің (объектісінің) атауы.
3. Денсаулық сақтау субъектісі басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).
4. Тексерудің басталған және аяқталған күні.
5. Тексерілетін кезең.
6. Тексеру мәні _____

_____.

(медициналық қызметтер көрсетудің ақауларын анықтау, оның ішінде ТМККК көрсету бойынша шарттық міндеттемелерді орындау және басқалар)

I. Алқашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық деңгейінде көрсетілген медициналық қызмет сапасын сараптамалық бағалау:

1. Науқастың Т.А.Ә. (ол болған жағдайда).

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (Қазақстан Республикасының азаматы үшін).

Туған күні, жасы (толық жасы).

Ұлты.

Тұратын жері.

Медициналық картаның нөмірі, емдеу кезеңі.

Емделіп шығу жағдайын қаржыландырудың көзі.

Жіберген ұйымның диагнозы.

Қорытынды клиникалық диагноз (негізгі, қосалқы, асқынулар).

Алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық деңгейіндегі ақаулар (анықталды, анықталған жоқ, пациент қаралмады, белгісіз).

11. Динамикалық байқау (сипаты).

- 1) динамикалық байқаудың болмауы;
- 2) диспансеризация стандарттарын сақтамауы;
- 3) нәрестеге перзентханадан шыққаннан кейінгі 3 тәулікте патронаждың болмауы;
- 4) жүктілік және босанғаннан кейінгі кезеңде қадағалау стандарттарынан ауытқу;
- 5) балалардың диспансерлік есепке уақтылы алынбауы;
- 6) жүктілік бойынша уақтылы есепке алынбауы (жүктіліктің 12 апталық мерзімінен кейін);
- 7) иммунопрофилактика стандарттарының сақталмауы.

12. Жай-күйінің нашарлауына немесе өліммен аяқталуына әкелген зерттеудің кемшіліктері (денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес келмеуі):

13. Жай-күй ауырлығы тиісінше бағаланбаған (сипаттамасы)

14. Емдеуге жатқызудың кемшіліктері (сипаттамасы):

- 1) көрсетілімдер бойынша емдеуге жатқызылмады;
- 2) емдеуге негізсіз жатқызу;
- 3) кешіктірілген емдеуге жатқызу;
- 4) стационарды алмастыратын көмекті көрсетілімдерсіз көрсету;

15. Емдеу нәтижелері:

1) өліммен аяқталған (медициналық-санитариялық алғашқы, консультациялық-диагностикалық және стационарды алмастыратын медициналық көмек деңгейінде алдын алуға болатын) – мына факторлар толтырылады:

заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, патологоанатомиялық зерттеулердің болмауы;

гистологиялық зерттеулердің болмауы;

пациентті емдеуге жатқызудың уақтылығы;

пациенттің әлеуметтік әл-ауқаты;

патологиялық жай-күйді ерте анықтау;

зерттеудің қосымша әдістерін тағайындау;

клиникалық және зертханалық зерттеулердің деректерін, консультанттардың қорытындыларын дұрыс пайымдау;

уақтылы сәйкес емдеу, оның ішінде операциялық;

мамандардың біліктілігі;

осы тізбеде көрсетілмеген нақты жағдай бойынша өзге қорытынды;

2) "нашарлау" нәтижесі (емдеу және/немесе диагностикалық іс-шаралардың денсаулық сақтау саласындағы стандарттардан негізсіз ауытқуы);

16. Ұсыныстардың болуы (жоқ, толық емес).

17. Ұйымдастырушылық-тактикалық іс-шаралар ақауларының болуы:

1) санитариялық көлікке, дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға қолжетімділіктің болмауы;

2) пациентті қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметі тарапынан науқасқа көмектің болмауы;

3) қажетті дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың болмауы;

4) өзгесі (осы тізбеде көрсетілмеген нақты жағдай бойынша ақау).

18. ТМККК-ға кіретін медициналық көмек көрсету кезінде пациенттен дәрі-дәрмектерді және ақша қаражатын тарту.

19. Үй жағдайындағы алдын алуға болатын өлім жағдайларының сапа мен көлемінің анықталған ақауларына негізделіп көрсету (профилактикалық, диагностикалық, емдеу және ұйымдастырушылық-тактикалық).

20. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексін сақтамауы ("Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексінің 184-бабына сәйкес) (сипаттау).

II. Жедел медициналық көмек деңгейінде көрсетілген медициналық қызметтердің сапасын сараптамалық бағалау:

Науқастың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Қазақстан Республикасы азаматының жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (Қазақстан Республикасының азаматы үшін).

Туған күні, жасы (толық жасы).

Ұлты.

Тұратын жері.

Шақыруды қаржыландырудың көзі.

7. Шағымдардың сипаттамасы (толық емес, диагнозға сәйкес келмейді және т.б.).

8. Анамнезды сипаттау (көрсетілмеген, толық емес, диагнозға сәйкес емес, толық ашылмаған және т.б.).

9. Жай-күйінің күрделігін бұрыс бағалау (сипаттамасы).

10. Науқастарды емдеуге жатқызуға негізсіз жолдау.

11. Емдеуге жатқызу көрсетілімі болған жағдайда науқасты стационарға жеткізудің болмауы (сипаттамасы).

12. Тәулік ішінде бір ауру бойынша алғашқы шақырылған сәттен бастап қайталап шақыру жағдайлары (сипаттамасы).

13. Диагноздағы қате (сипаттамасы):

1) толық емес диагноз;

2) жолдама берілген диагноз бен клиникалық диагноз арасындағы айырмашылық жағдайлары;

3) диагноз анықталмаған;

4) өзгесі (осы тізбеде көрсетілмеген нақты жағдай бойынша қате).

14. Ұйымдастырушылық-тактикалық іс-шаралар ақауларының болуы:

1) шақыруға жедел көмек бригадасының кешігіп келуі (бекітілген уақыт регламентін сақтамауы);

2) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйымға активтерді ұсынбау;

3) өзгесі (осы тізбеде көрсетілмеген нақты жағдай бойынша ақау).

15. ТМККК-ға кіретін медициналық көмек көрсету кезінде пациенттен дәрі-дәрмектерді және ақша қаражатын тарту.

16. Алдын алуға болатын өлім жағдайларының сапа мен көлемінің анықталған ақауларына негізделіп көрсету (диагностикалық, емдеу және ұйымдастырушылық-тактикалық).

17. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексін сақтамауы ("Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексінің 184-бабына сәйкес) (сипаттау).

III. Стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек деңгейінде көрсетілетін медициналық қызмет сапасын сараптамалық бағалау:

Науқастың Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

ҚР азаматының жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (Қазақстан Республикасының азаматы үшін).

Туған күні, жасы (толық жасы).

Ұлты.

Тұратын жері.

Медициналық картаның нөмірі, емдеу кезеңі.

Емделіп шығу жағдайын қаржыландырудың көзі.

Жіберген ұйымның диагнозы.

Алдын ала клиникалық диагноз (негізгі, қосалқы, асқынулар).

Қорытынды клиникалық диагноз (негізгі, қосалқы, асқынулар).

Емдеу нәтижелері:

1) өліммен аяқталған (стационар және стационарды алмастыратын медициналық көмек деңгейінде алдын алуға болатын) – мына факторлар толтырылады:

заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, патологоанатомиялық зерттеулердің болмауы;

гистологиялық зерттеулердің болмауы;
пациентті емдеуге жатқызудың уақтылығы;
пациенттің әлеуметтік әл-ауқаты;
патологиялық жай-күйді ерте диагностикалау;
зерттеудің қосымша әдістерін тағайындау;
клиникалық және зертханалық зерттеулердің деректерін; консультанттардың қорытындыларын дұрыс пайымдау;
уақтылы сәйкес емдеу, оның ішінде операциялық;
мамандардың біліктілігі;
осы тізбеде көрсетілмеген, нақты жағдай бойынша өзге нәтиже.

2) "нашарлау" нәтижесі (негізгі емдеу және/немесе диагностикалық іс-шаралардан негізсіз ауытқуы);

3) "өзгеріссіз" нәтижесі (негізгі емдеу және/немесе диагностикалық іс-шаралардан негізсіз ауытқуы);

4) амбулаториялық-емханалық деңгейде емдеудің тиімсіздігі салдарынан стационарға емдеуге жатқызу;

5) емдеудің нәтижесінде пайда болатын асқынулар жағдайы (негізгі емдеу және/немесе диагностикалық іс-шаралардан негізсіз ауытқуы);

6) осы тізбеде көрсетілмеген, нақты жағдай бойынша өзге нәтиже.

12. Шығаруда пациентпен келісілудің болуы.

13. Ұсыныстардың болуы (жоқ, толық емес).

14. Ұйымдастырушылық-тактикалық іс-шаралар ақауларының болуы:

1) санитариялық көлікке, дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға қолжетімділіктің болмауы;

2) пациентті қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметі тарапынан науқасқа көмектің болмауы;

3) қажетті дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың болмауы;

4) өзгесі (осы тізбеде көрсетілмеген, нақты жағдай бойынша кемшілік).

15. ТМККК-ға кіретін медициналық көмек көрсету кезінде пациенттен дәрі-дәрмектерді және ақша қаражатын тарту.

16. Алдын алуға болатын өлім жағдайларын сапа мен көлемінің анықталған ақауларына негізделіп көрсету (профилактикалық, диагностикалық, емдеу және ұйымдастырушылық-тактикалық).

17. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексін сақтамауы ("Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексінің 184-бабына сәйкес) (сипаттау).

